

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 227 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5-3 "Батыс Қазақстан облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 257 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 16-5 бірлескен қаулысы мен шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31192 болып тіркелді

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 227 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5-3 "Батыс Қазақстан облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3154 болып тіркелген) бірлескен қаулысына және шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы және шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы";

көрсетілген бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасы осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі
Мәслихат хатшысы*

*Н. Турегалиев
Б. Конысбаева*

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі 2022 жылғы
14 желтоқсандағы № 257 мен
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихаты 2022 жылғы
14 желтоқсандағы № 16-5
Бірлескен қаулысына және
шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2012 жылғы
 6 желтоқсандағы № 227 және
 Батыс Қазақстан облыстық
 мәслихатының 2012 жылғы
 7 желтоқсандағы № 5-3
 бірлескен қаулысына және
 шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

№	Ауданның (қаланың) атауы	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша жер пайдалану құқығымен (жалға) берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері				Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін			
		Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		Барлығы (гектар)	Егістік (гектар)	Шабындық (гектар)	Жайылым (гектар)	Барлығы (гектар)	Егістік (гектар)	Шабындық (гектар)	Жайылым (гектар)
1	Ақжайық	151	1	50	100	551	1	50	500
2	Бөкей ордасы	75	5	20	50	75	5	20	50
3	Бөрлі	55	5	20	30	55	5	20	30
4	Жаңақала	301	1	50	250	551	1	50	500
5	Жәнібек	101	1	50	50	101	1	50	50
6	Бәйтерек	101	1	50	50	101	1	50	50
7	Казгалов	101	1	50	50	101	1	50	50
8	Қаратөбе	300	100	100	100	300	100	100	100
9	Сырым	400	100	100	200	400	100	100	200
10	Таскала	105	5	50	50	105	5	50	50
11	Теректі	60	20	20	20	150	50	50	50
12	Шыңғырлау	120	50	20	50	120	50	20	50
13	Орал	40	5	20	15	40	5	20	15